

ӘОЖ 81:001.12/.18; МҒТАР 16.01.11

<https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.06>А.А. СОЛТАНБЕКОВА¹ , Г.Т. ШЕРИЕВА² , Ж.Б. САТКЕНОВА³ ¹филология ғылымдарының кандидаты,Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: madina-258@mail.ru²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: gulimzhan.sherieva@ayu.edu.kz³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: zhanar_03@mail.ru**АЛАШ КӨСЕМІ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ
ЖІКТЕЛІМІ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАРЫ**

Аңдатпа. Мақалада А. Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстарының, оның ішінде дауыссыздардың жалпы сипаты, емлесі, орфографиясы, дыбыстарды дұрыс таңбалау туралы ғылыми тұжырымдары талданады. 1910–1927 жылдардағы дауыссыз дыбыстардың жіктелімі, әліпбидегі орналасу реті, әр дыбыстың фонемалық мәні және оны көрсетуде қолданылған тілдік әдіс-тәсілдер, ғалымның қазақ тілі дыбыстық жүйесіне сәйкес олардың графикалық бейнесін реформалау нәтижелері және оның «Тіл – құрал», «Оқу құралы», «Тіл жұмсар» еңбектеріндегі теориялық-әдістемелік тұрғыдан берілуі туралы тұжырымдар ұсынылады. Оның басты себебі араб және өзге түркі тілдерінің экспанциясына түспеу екені сенімді деректер мен ғылыми дәйектер арқылы беріледі.

1912 жылдан бастап жарыққа шыққан «Тіл – құрал», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар» еңбектерін негізге ала отырып, ғалымның дауыссыз дыбыстардың жүйесін сингормонзм, ассимиляция, диссимиляция жолдары негізінде дауыссыздан аяқталатын сөздерге қосымшаның кездейсоқ жалғанбағандығы, арабграфикалы қазақ әліпбиі мен емлесін түзуде фонетикалық принципті басшылыққа алғандығы анықталды.

А. Байтұрсынұлының қазақтың дыбыстық ерекшелігін ғалым ретінде, тіл жанашыры ретінде «әр дыбыстың лексикалық, морфемалық мағыналарын ажырататып тұратын дыбыстық бірліктер еді» деп айтуы қазіргі тіл біліміндегі фонема ұғымын меңзеп тұрғандығы жайында ой өрбиді. Қ, к, ғ, г, ш дауыссыз дыбыстарының дыбыстық ерекшелігін, құрылымын, жасалу жолын, фонемалық мәнін анықтау үшін ауыз-қуыс мүшелері арқылы, есту, айту сәттерін пайдаланып, төл дыбыстардың жүйесін анықтағандығы ғылыми тұрғыдан талданады.

Мақала тұжырымдарының практикалық мәні тілші, ахметтанушы, әдебиеттанушы және өзге де оқырман үшін өзекті.

Кілт сөздер: қазақ жазуы, дауыссыз дыбыс, фонема, қазақ тілінің дыбыстар жүйесі, емле, жазу, Ахмет Байтұрсынұлы.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Солтанбекова А.А., Шериева Г.Т., Саткенова Ж.Б. Алаш көсемі А. Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстарының жіктелімі туралы ғылыми тұжырымдары // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2023. – №3 (129). – Б. 85–97. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.06>

***Cite us correctly:**

Soltanbekova A.A., Sherieva G.T., Satkenova J.B. Alash kosemi A. Baitursynulynyn qazaq tili dybystarynyn jiktelimi turaly gylymi tujyrymdary [Scientific Conclusions of the Alash Leader A. Baitursynuly on the Classification of Sounds of the Kazakh Language] // *Iasau universitetinin habarshysy.* – 2023. – №3(129). – B. 85–97. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.06>

A.A. Soltanbekova¹, G.T. Sherieva², Zh.B. Satkenova³

¹*Candidate of Philological Sciences,
Leading Researcher of The Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursynuly
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: madina-258@mail.ru*

²*Senior Lecturer of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: gulimzhan.sherieva@ayu.edu.kz*

³*Senior Lecturer of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: zhanar_03@mail.ru*

Scientific Conclusions of the Alash Leader A. Baitursynuly on the Classification of Sounds of the Kazakh Language

Abstract. The article will consider the scientific conclusions of A. Baitursynuly on how common sounds are created in the Kazakh language, spelling, spelling, correct spelling of sounds in the history of writing. It is noted that in the period from 1910 to 1927, the linguistic techniques used to designate the classification of consonant sounds, the order of their arrangement, the phonemic meaning of each sound, the results of a complete reform of the sound system were defined in the works “Til – kural”, “Oku kuraly”, “Til zhumsar”.

It is also noted that A. Baitursynuly dedicated a symbol based on Arabic graphics to Kazakh sounds, not resembling the Arabic national letter and spoken language. It says that the goal is not to fundamentally resemble Arabic, not to fully penetrate into speech, to create a Kazakh national alphabetic system dedicated not only to the consonant, but also to the vowel.

Based on the works “Til – kural”, “Oku kuraly”, “Sauat ashkysh”, “Til zhumsar” published since 1912, it was found that the scientist accidentally did not apply the system of consonant sounds to words ending in a consonant, based on the lines of synharmonism, assimilation, dissimilation, guided by the phonetic principle in the construction of the Arabic Kazakh alphabet and spelling.

It is noted that the statement of A. Baitursynuly as a scientist, as a linguist about the sound features of the Kazakh language as “sound units that distinguish the lexical, morphemic meanings of each sound” hints at the concept of phoneme in modern linguistics. It is scientifically analyzed that in order to determine the sound specificity, structure, method of creation, phonemic meaning of consonant sounds k, k, g, g, w, with the help of oral hollow organs, auditory, speech moments, a system of sound sounds is determined.

The practical significance of the conclusions formulated in the article is relevant for linguists, Akhmetologists, literary critics and other readers.

Keywords: Kazakh writing, consonant sound, phoneme, system of sounds of the Kazakh language, spelling, writing, Akhmet Baitursynuly.

А.А. Солтанбекова¹, Г.Т. Шериева², Ж.Б. Саткенова³

¹*кандидат филологических наук,
ведущий научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтурсынова
(Казakhstan, г. Алматы), e-mail: madina-258@mail.ru*

²*старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета
имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: gulimzhan.sherieva@ayu.edu.kz*

³*старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби
(Казakhstan, г. Алматы), e-mail: zhanar_03@mail.ru*

Научные выводы Алашского лидера А. Байтурсынулы о классификации звуков казахского языка

Аннотация. В статье будут рассмотрены научные выводы А. Байтұрсынұлы о том, как создаются общие звуки в казахском языке, правописание, орфография, правильное написание звуков в истории письма. Отмечается, что в период с 1910 по 1927 годы языковые приемы, использованные для обозначения классификации согласных звуков, порядка их расположения, фонематического значения каждого звука, результаты полного реформирования звуковой системы были определены в трудах «Тіл – құрал», «Оқу құралы», «Тіл жұмсар».

Также отмечается, что А. Байтұрсынұлы посвятил казахским звукам символ на основе арабской графики, не напоминая арабского национального письма и разговорного языка. В нем говорится о том, что цель не в корне походить на арабскую, не полностью проникнуть в речь, создать Казахскую национальную алфавитную систему, посвященную не только согласному, но и гласному.

Исходя из опубликованных с 1912 года работ «Тіл – құрал», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар» установлено, что ученый случайно не применил систему согласных звуков к словам, оканчивающимся на согласный, на основе строк сингармонизм, ассимиляции, диссимиляции, руководствуясь фонетическим принципом в построении арабграфического казахского алфавита и орфографии.

Замечено, что высказывание А. Байтұрсынұлы как ученого, как лингвиста о звуковых особенностях казахского языка как о «звуковых единицах, различающих лексические, морфемные значения каждого звука» намекает на понятие фонемы в современном языкознании. Научно проанализировано, что для определения звуковой специфики, структуры, способа создания, фонематического значения согласных звуков қ, к, ғ, г, ш, с помощью устно-полых органов, слуховых, речевых моментов определена система звуковых звуков.

Практическая значимость выводов, сформулированных в статье, актуальна для лингвистов, ахметоведов, литературоведов и других читателей.

Ключевые слова: казахская письменность, согласный звук, фонема, система звуков казахского языка, орфография, письменность, Ахмет Байтұрсынұлы.

Кіріспе

Қазақ жазуының тарихында екі түрлі бағыт болды. Біріншісі – бұрынғы кітаби тілдің жазу жүйесін өзгертпей-ақ халықтық тілдің элементтеріне кеңінен жол ашу, екіншісі – жазу-сызуды ауызша тілдің жүйесіне лайықтап жасау, яғни жазу-сызу жүйесін түбегейлі реформалау еді. Ал ХХ ғасырдың басындағы ағартушы ғалымдар жазуды мейлінше демократиялап, халық мүддесіне жұмасауды көздеді. Сол себепті араб әліпбиін қазақ тіліне жақындатып, икемдеу, ыңғайлау қажет деген мәселелер орын алды. А. Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап араб графикасын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне ыңғайлыстырып, реформалайды. Қазақ тілінің үндестік заңына негізделген әр дыбыстың фонемалық мәнін ашып көрсеткен жаңа жүйеге құрылған әліпби жасады. Қазақ тілі біліміндегі тұңғыш фонолог ғалым деп айтуға негіз бар. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, фонетикалық сипатын терең таныған алғашқы ғалым. Ғалым сол кездің өзінде фонетика, фонология, инвариант-вариант деген терминдерді қолданбаса да олардың мәнін ажырата білген.

А. Байтұрсынұлы Араб графикалы қадім жазуы мен араб жазу жүйесінен принципті айырмашылығы бар қазақ тілінің ұлттық әліпбиі мен емлесін қалыптастырды. Мұнда бір фонема – бір таңба ұстанымын басшылыққа алды. Ондағы мақсат түп тамырымен арабтікі секілді болып кетпеу, сөйлеу тіліне толығымен еніп кетпеу, тек дауыссызға ғана емес дауыстыға да таңба арнап қазақтың ұлттық әліпби жүйесін жасау.

Ғалым араб графикалы қазақ әліпбиі мен емлесін түзуде фонетикалық принципті басшылыққа алды. Ол: «Хасыл кәләм ойым: сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, яғни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу, естілген дыбыстың әріпі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керекті ғылым наху не сарф жолыменен ыспат етілсін», – дейді [1]. Ол өзінің 24 әріптен тұратын әліпбиін осы ұстаным бойынша түзеген болатын. Яғни әр фонемаға алған таңбасын не себепті алғанын ғылыми тұрғыдан түсініктеме беріп, оқушыға үйрету үшін практикалық жолын дәлелдеп көрсетеді. Оның араб әліпбиін жақтаған баяндамасында: «Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақшы». Ғалым осы аталған шарттарды негізге ала отырып, қазақ тілі дыбыстарына араб әріптерінің қолайлы түрін алады.

Мақаланың мақсаты – А. Байтұрсынұлының дауыссыз дыбыстардың жіктелімі туралы ғылыми тұжырымдарын өзінің еңбектері негізінде талдап көрсету, әр жылдардағы ғылыми ойларын кесте түрінде сипаттап беру. Осымен байланысты ғалымның дауыссыз дыбыстарды жіктеудегі ғылыми ұстанымдары, әдістері туралы талдаулары мен тұжырымдары ұсынылды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының дереккөзі ретінде А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегінің 1910 жылдан 1927 жылдар аралығындағы басылымдары, «Оқу құралы», «Тіл жұмсар», «Әліппе» еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынды. Ғалымның емле тақырыбындағы еңбектері бір-бірімен салыстырыла отырып талданды. Мақалада сипаттамалы әдіс, құрылымдық әдістері, салыстырмалы-тарихи әдіс, салыстыру, жинақтау, қорыту тәсілдері қолданылды.

Талдау мен нәтижелер

Әдебиетке шолу

А. Байтұрсынұлының 1927 жылы «Жаңа мектеп журналында жарық көрген «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақаласын тілші, ахметтанушы ғалым Е. Маралбек кирилге түсіріп, ғалымның дыбыстарды жіктеудегі ғылыми ұстанымдары, әдістері туралы талдаулар мен тұжырымдар ұсынды [2]. Қазақ тілі оқулықтарының авторлары, әдіскер тілші ғалымдар Ә. Жұмабаева мен Н. Құрман ««Әліппесінің» алтын белдеуі – дыбысты әдіс» атты мақалада дыбыстардың ерекшелігі жайында, XX ғасыр басында арнайы фонетика ғылымы енді ғана ғылыми деңгейде зерттеле бастағанына қарамастан, осы салаға қатысты терминдер қатарын ұсынғандығы жайында сөз қозғайды. «Дыбыстардың айтылуы мен артикуляциялық аппарат мүшелері қатысуына қарай жіктейді. Қазіргі таңда қазақ тілінің фонетикасын зерттеп, зерделеп жүрген ғалымдардың қатары мол. Ол кездің өзінде эксперименталды фонетикалық орталығының қызметін бір өзі ғана атқарып, төмендегідей фонетикалық терминдерді ұсынды және қалыптастырды. Әр дыбыстың мағыналық ерекшелігіне сай дәл атау берді.

Белгілі ғалым Ә. Жүнісбек XX ғасырдың басын «төл зерттелім дәуірі» деген атау қояды. Себебі Байтұрсынұлынан басқа зерттеушілердің көре алмаған, сезе алмаған қазақ тілінің өзіне ғана тән фонетикалық құбылыстарды енді ғана сезіп қазақ жазуының іргесі қаланған дәуір деп айтар едік. «Шын мағынасындағы қазақы фонетика ғылымы бастау алды, оның басты құндылығы да осында» - дейді ғалым [3]. Профессор Н. Уәли араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуының жүйесі мен орыс әліпбиіне негізделген жазу жүйесінің айырмашылығы сингармонизм заңдылығында екендігін айтады. Байтұрсынұлы дауысты дыбыстарды вариант-инвариант негізінде бөлгендігін және сингармонизм заңдылығын ұстанғандығы жайында «Графика. Орфография. Орфоэпия» атты еңбегінде жазады [4, 52-б.].

«Қазақ» газетінің тілін арнайы зерттеген ғалым, профессор Б. Момынова Байтұрсынұлының диакритикалық таңбалары жайында: А. Байтұрсынұлы «әр әріптің

басынан сипап отыратын» (диаеритикасы көп) ескі араб жазуымен жазылған қазақ сөздерінің оқуға, жазуға қолайсыздығын ескерткен. Ал өзінің төте жазуында әріпүсті және әріпасты диакритикалық таңбаларды азайтқанымен, бәрібір де олардан толық құтыла алмаған, оларды енгізуге мәжбүр болған және жазудағы бірегей жаңалық саналып жүрген дәйекшені қосқан. Бірақ диакритикалық таңбалардың дыбыс таңбалаудан бөлек сөз мағынасын айыру қызметі бар. Бұл қазіргі ағылшын тілінде кең тәжірбиеленеді [5, 27-б.]. Сондай-ақ XX ғасыр басындағы қазақ жазуына қосқан үлесі орасан зор ғалым тілшілердің Е. Омарұлы [6, 61–67-бб.], А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов сынды ғалымдардың еңбектерін жинақтап көпшілік қауымға ұсынған О. Жұбаеваның құрастыруымен жарық көрген еңбектер негізге алынды [7].

А. Байтұрсынұлы қазақ халқын, оның тілін сақтап қалудың бір жолы – осы жадид жазуын жасау деп түсінгені анық. Араб тілі – Алла Тағала түсірген Құранның тілі. Қазақтың есінен мұсылмандық құндылықтарды шығармайтын алтын қазық керек еді. «Өзге жұрттың әліппелерін қазақ қабылдай алмайды. Араб әліппесі қазақ арасына дінменен бірге таралған, сіңген. Дінменен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң араб харіфлерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек», – деген Ахмет Байтұрсынұлы Араб әліпбиінде таңба сәйкес келмейтін қазақтың төл дыбыстарын анықтайды. Бұл сөзінен байқайтынымыз, сол кезде мұсылман халықтардың араб әліпбиінен бөлек жазу түрлерін қабылдай қоймайтынын аңғаруға болады.

Қазіргі қазақ фонетикасының негізін қалаған ғалым әр дыбыстың табиғатына терең бойлай білген. Ғалымның «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақаласы жарық көрген еді. Осы мақаласында ғалым қазақ тілі дыбыстарын айтылуына қарай дауысты, дауыссыз деп екі үлкен топқа бөледі: «Қазақ тіліндегі дыбыстарды жаңадан жіктейтін болсақ, әрі айтуына қарай, әрі сөз жүзінде білінетін қасиеттеріне қарай жіктеу керек. Қазақтікі сияқты заңы азбаған тілдің айтылу жүзіндегі дыбыс жіктері сөз жүзінде білінетін дыбыс қасиеттерінің жіктері мен түйісетін көрінеді», – деп басталатын мақаласында ғалым дыбыстарды айтылуына және қасиетіне қарай жіктеу керектігін айта келе, ары қарай дауысты мен дауыссызға бөлінетіндігін, олар өз ішінде дыбыстық топтарын ажырату үшін, функционалдық қызметін негізге алып толық дауыстылар, шала дауыстылар, аңғал түрлісі, қымқыру түрлісі, ауыз шығыстылар, мұрын шығыстылар деп, ары қарай «айтылуына қарай жіктегенде, қазақ тіліндегі дыбыстар *дауысты*, *дауыссыз* болып екі айрылады:

1. Дауыстылар: а, р, ң, м, н, е, о, ұ, у, ы, й.

2. Дауыссыздар: б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г.

Дауысты дыбыстар өзара *толық дауысты*, *шала дауысты* болып екі айрылады.

Толық дауыстылар: а, е, о, ұ, ы.

Шала дауыстылар: р, ң, л, м, н, у, й.

Толық дауыстылар өзара *кең шығысты*, *тар шығысты* болып, тағы екі айырлады.

1) Аңғал түрлісі: а, е, ы.

2) Қымқыру түрлісі: о, ұ.

Шала дауыстылар *ауыз шығысты*, *мұрын шығысты* болып олар да екі айрылады.

1) Ауыз шығыстылар: р, л, у, й.

2) Мұрын шығыстылар: ң, м, н.

Ауыз шығыстылар *босаң жолды*, *қысаң жолды* болып екі айрылады.

1) Босаң жолдылар: р, у, й.

2) Қысаң жолдылар: л.

Мұрын шығыстылары *босаң бөгеулі*, *қысаң бөгеулі*, *тұйық бөгеулі* болып үш айрылады.

1) Босаң бөгеулісі: ң.

2) Қысаң бөгеулісі: н.

3) Тұйық бөгеулісі: м.

Дауыссыз дыбыстар *босаң жолды*, *қысаң жолды* болып екі айрылады.

1. Қысаң жолдылар: п, т, с, ш, қ, к.

2. Босаң жолдылар: б, ж, д, з, ғ, г.

Қысаң жолдылар *ашық жолды*, *тұйық жолды* болып екі айрылады.

1) Ашықтары: с, ш.

2) Тұйықтары: п, т, қ, к.

Босаң жолдылары да *ашық*, *тұйық*, *тұйықтау* болып үш айрылады.

1) Ашықтары: ж, з.

2) Тұйықтары: б, д.

3) Тұйықтаулары: ғ, г.».

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыстарын осылай жіктеуі кездейсоқтық емес, әр дыбыстың фонематикалық мағынасын, дыбыс тіркесімдері, буын ішіндегі, түбір мен қосымша жігіндегі заңдылықтарына қарай талдап, қорытынды жасады, ешбір лингфондық құралдарсыз дыбыстардың функционалдық өзгерістерін, қызметін, көрінісін бақылай отырып, сингармонизм заңдылығын негізге ала отырып, ғылыми тұрғыдан дәл анықтады. Әр дыбысқа таңба берудің өзі кездейсоқтық емес. Дыбыстарды айтылуы мен қасиетіне қарай жіктей отырып, төмендегідей қазақ тілінде атау береді. Олар: «өткелді», «өткелсіз», «еркін өту», «қақтыға өту», «толық», «шала», «аңғал», «қымқырулы», «босаң», «қысаң», «ашық», «тұйықтау», «тұйық», «қамалатындар», «ерінге қамалу», «тіске қамалу», «тамаққа қамалу», «қымқырынды», «именішті», «қақтықпалы», «бөгелісті», «бөгеттісі», «сүзілулер», т.б. [8].

А. Байтұрсынұлы дауысты дыбыстардың жіктелімін (1927 ж.) төмендегі (кирилге түсірген Е. Маралбек) кесте түрінде көрсетсек:

1-кесте – Дауысты дыбыстардың (а, р, ң, м, н, е, о, ұ, у, ы, й) жіктелімі

Толық	а, е, о, ұ, ы	Кең шығысты: а, е, ы	
		Тар шығысты: о, ұ	
Шала	р, ң, л, м, н, у, й	Ауыз шығысты: р, л, у, й	Босаң жолды: р, у, й
			Қысаң жолды: л
		Мұрын шығысты: ң, м, н	Босаң бһгеулісі: ң
			Қысаң бөгеулісі: н
		Тұйық бөгеулісі: м	

Қазіргі кезде жаңа бағыт саналатын функционалды лингвистиканың бастау көзін осы еңбектен көреміз. Мағынадан формаға қарайғы бағытты негізге алады. Алайда ғалым ол кезде мағынадан формаға қарайғы бағыттың негізгі ұғымдарын термин ретінде бермесе де, мазмұнын, сипатын жасаған талдаулары мен жіктеу әдістерінен, мазмұндау, талдау тәсілдерінен анық көрінеді.

Ғалым дауысты мен дауыссыздың жігін ажырату үшін «шектерін айыратын нәрсе» түбір мен оған жалғанатын қосымшада екенін айтады. Түбір сөз дауыстыға бітсе, одан кейін жалғанатын жіктік жалғауы *-мын*, *-мін*, ал сөз бен сөз арасын байланыстырып тұрған *-мен* жалғаулығы да дауысты дыбыстан кейін тіркесетіндігін, егер түбір сөз дауыссызға бітсе, одан кейін жалғанатын жіктік жалғауы *-бын*, *-пын* және *-бен*, *-пен* жалғаулықтары тіркесетіндігін айтады. Мұндай тіркесім жайдан-жай ішкі интуицияға жүгініп шешілді деп айтуға болмайды. Ғалым сол кездің өзінде фонетикалық аппарат болмаса да әр дыбыстың функционалды табиғатын, түбір сөзге тіліміздегі 4 түрлі қосымшаны жалғау арқылы оның жігіндегі өзгерістерді байқай білді. Тілдегі дыбыстарды дауысты мен дауыссызға бөлу жігін

қосымша жалғау арқылы өз әдісін қолдана отырып, дыбыстардың төл табиғатын терең таныды. А. Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстарын жіктеу әдісін төмендегіше көрсетсек (Е. Маралбектің мақаласында толық баяндалады). 1. Дыбыстардың *септік жалғауға жалғануы*: дауысты дыбыстан кейін (-ның/-нің, -ға/-ге, -ны/-ні, -да/-де, -дан/-ден, -мен) *ана+ның, ана+ға, ана-ны, ана+да, ана+дан, ана+мен*. 2. *Көптік жалғауға жалғануы*: дауысты дыбыстан кейін *-лар/-лер*. Дауыссыз екенін айыру үшін оған жалғанатын жалғаудың варианттары *-тар, -тер; -дар, -дер*. Мысалы: *бала+лар, ене+лер; топ+тар, жас+тар, қаз+дар, адам+дар, аңдар*. 3. *Жіктік жалғауының жалғануы*: дауыстыға біткен сөзден кейін (аға+мыз, әке+міз); қатаң дауыссыздан кейін *жас+ңыз, аш+ңыз, тоқ+ңыз*; ұяң дауыссыздан кейін *аз+быз, үнді дауыссызынан кейін адам+быз, хан+быз*; жарты дауыстыдан кейін *тау+мыз, ай+мыз*. 4. *Тәуелдік жалғауының жалғануы* арқылы дауысты мен дауыссызға жіктеу үлгісі: дауыстыға аяқталған сөзге тәуелдіктің *-м, -ң, -сы* жалғаулары, дауыссыздан кейін тәуелдіктің *-ым, -ың, -ы* жалғаулары жалғанады. Мысалы: *бала+м, бала+ң, бала+сы; қол+ым, қол+ың, қол+ы*. Ғалымның төл дыбыстардың фонетикалық, фонологиялық, функционалды ерекшелігін жақсы байқай отырып, қосымша жігіндегі өзгерістерін мұқият анықтай отырып, талдау жүргізген ғылыми ізін анық байқадық. 1927 жылғы «Дыбыстарды жіктеу туралы» еңбегі төл дыбыстардың табиғатын, жігін дәл анықтап, топтастырып берген бағасы жоқ теңдессіз еңбек екенін атап көрсетуге болады.

1912 жылғы «Оқу құралында» дауысты дыбыстардың қатарына *а, о, ұ, ы, е*, дауыссыз дыбыстардың қатарына *б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, г, қ, к, г, ң, л, м, н* таңбаларын береді. Дауыссыздарды жуан, жіңішке айтылуы үшін жіңішкеру белгісі – дәйекшесін ұсынады. [Ғ] мен [қ] ылғи жуан, [к], [г] ылғи жіңішке айтылатынын көрсетеді. Араб әліппесінің таңбаларын қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмады. Байтұрсынұлы «Жазу тәртібі» деген мақаласында «...балалардың жанын қинамас үшін жазудың өз тәртібі болу керек» деп тұжырымдайды. Тәртіпті жазу деген – тілдегі бар дыбыстың бас-басына таңба арнау. Ғалым қазақ жазуын реформалаудан бұрын әр дыбысқа таңба арнамаған, бір таңбамен бірнеше дыбысты ажыратып отырған. Жазуды ұлттық сипатта тәртіпке салып, 24 дыбыстан құралған Жаңа қазақ әліпбиін дайындайды, оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты болып жіктелді. А. Байтұрсынұлы қазіргі қазақ фонетикасындағы тоғыз дауыстының әрқайсысына таңба алмай, бес дауыстыға бес түрлі таңба арнап, қай жерде жуан, қай жерде жіңішке айтылатынын дәйекші арқылы ажыратып беретін жазу жүйесін жасайды. А. Байтұрсынұлы тек әліпби түзеп, ондағы дыбыстарды бір жүйеге ғана түсіріп қойған жоқ, сонымен бірге тұңғыш рет фонология теориясындағы айырым әдісін пайдаланып, дыбыстарды дауысты мен дауыссызға ажыратқандығы жайында профессор Н. Уәли «Графема, орфография» еңбегінде жазады: «Дауыстылар мен дауыссыздарға берген сипаттамасына қарағанда А. Байтұрсынұлы дауыстыларды функционалдық басыңқы жүйе, ал дауыссыздарды функционалдық бағыныңқы жүйе деп таниды. Мұндай лингвистикалық танымның мәні айрықша. Әдетте, басыңқы жүйенің (дауыстылардың) бағыныңқы жүйеге әсері, ықпалы күшті болады. Соның салдарынан бағыныңқы жүйенің (дауыссыздар) жүктемесі де көбейе түседі. Мәселен, дауыстыларға қарағанда дауыссыздардың реңктері әлдеқайда көп болып, басыңқы жүйенің ыңғайына қарай жуан, жіңішке, еріндік, езулік болып түрленіп отырады. Сөйтіп, жуан немесе жіңішкелік белгі бүкіл сөз бойы тұтаса айтылып, әуен-әуез бірлігіне айналады». «Байтұрсынұлы әліпбиіндегі» (жалпы тіл біліміндегі атауы, Самойловичтің термині) дәйекші әуен-әуез бірлігін бейнелесе, жеке әріптер жекелеген дыбыстық бірліктерді көрсетеді. А. Байтұрсынұлы жазуының графемалық жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан сегменттік әрі суперсегменттік бірліктерді (жуан, жіңішкелікті) белгіледі. Сондықтан да бұл жазу жүйесі қазақ тіліндегі сингармонизм табиғатымен барынша үйлесімді болды» - деп профессор Н. Уәли араб графикасына

негізделген қазақ жазуының жүйесі мен жазу жүйесінің айырмашылығы осы сингармонизм заңдылығында екендігін айтады.

Сауатты жаза білу үшін жазуды жеңілдету керектігін, бір әріппен бірнеше дыбысты таңбалау балаға жазу үйретуде қиындық келтіретінін ескере отырып, қазақ тілі дыбыстарын араб графикасымен толық берудің жолын қарастырады. Бұл туралы: «Егер де бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір харіф, жіңішке айтылғанына бір харіф керек десек, мысалы: س، ت، س сықылды, онда 19 дыбысқа 38 харіф керек болар еді, бұған дәйім жуан айтылатұғын қ – ق менен ғ – غ ларды, дәйім жіңішке айтылатұғын к - ك، ح – گ hәм й – ي -лерді қосқанда, hәммасына 43 харіф керек болар еді. Араб әліппесінде 43-ке жететұғын харіф жоқ. Өзге жұрттың әліппелерін қазақ қабыл алмайды. Араб әліппесі қазақ арасына дінменен бірге таралған, сіңген, дінменен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң араб харіфлерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Араб харіфтерінің түрін тым бұзып өзгертуге болмаса, қалай амалын таппақ керек?» - дейді. Тілде дауысты дыбыстар буын құрайды, дауысты дыбыстың жанында тұрған дауыссыз дыбыс әрқашан дауысты дыбыстың жетегінде болады. Егер дауысты дыбыс жуан болса, оның қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады, дауысты дыбыс жіңішке айтылса қасында селбесіп тұрған дауыссыз дыбыс та жіңішке айтылады. 1926 жылғы «Әліпби. Жаңа құралында» қазақ әліпбиінен шығарылған әріптер деп *h, x, ф, ч, ц* осыларды санамалап әрқайсысына түсінік беріп кетеді. Бұл әріптермен жазылатын сөздер қатары аз болғанымен тілде бар дыбыс болғандықтан, [к], [п], [ш], [т] дыбыстарына жақын дыбыстар болғандықтан олардың жоқтығы сезіледі деп бөлек береді. 1926 жылғы «Сауат ашқыш» еңбегінде дауысты дыбыстардың таңбалары: (а) ا, (о) و, (ұ) ؤ, (е) ة, (ы) ی және дауыссыз дыбыстардың таңбалары: (б) ب, (п) پ, (т) ت, (ж) ج, (д) د, (р) ر, (з) ز, (с) س, (ш) ش, (ғ) ع, (к) ك, (г) گ, (ң) ڭ, (л) ل, (м) م, (н) ن, (у) ة, (й) ي деп таңбалап, *h* шаршағанда шығатын дауыстың аяқ үні деп көрсетеді. 1912 жылғы «Оқу құралында» [и] мен [у]-ды жарты дауыстылар қатарына қосады, ал «Сауат ашқышында» дауыссыздар қатарынан орын алатындығын көреміз. 19 дауыссыз бен 5 дауысты дыбыстардың таңбаларын көрсетеді де жарты дауыстылардың қатарына *у* мен *й* -ді жатқызады. Осы әліпбиге негізделген жазудың жүйесін құрылымдық тұрғыда барынша талдау жасасақ. Қазақ тілінің дауыссыздарын таңбалайтын әріптерде (қазіргі әліпбиімізбен салыстырғанда) ешқандай айырмашылық жоқ. Ғалым «х»-ны алып тастауды қолдағанымен, «h» дыбысын қалдыру керек, қалуға қақысы бар дегенді айтқан болатын. Басты ерекшелік дауысты дыбыстардың құрылымын, фонемалық мәнін ашып көрсеткенінде. Н. Уәлидің сөзімен айтқанда А. Байтұрсынұлы бес дауыстыға қатысты фонологиядағы инвариант-вариант ұғымдарын сәтті қолданған: «Біздің ойымызша, А. Байтұрсынұлы көрсетіп отырған қазақ дауыстыларының жүйесін фонологиядағы «инвариант-вариант» қисыны бойынша негізінен былайша қазақ тілінің дауыстылар жүйесінде бес инвариант-фонема бар. Осы инвариант-фонемалардың нақты қолданыста әрқайсының, е-ден басқасының, жуан және жіңішке әуезбен (тембрмен) түрленіп отыратын екі варианттары бар:

- 1 инвариант – фонема <a> вариант [a] ақ вариант [ə] әк
- 2 инвариант-фонема <o> вариант [o] оқ вариант [ə] өк
- 3 инвариант-фонема <ұ> вариант [ұ] ұқ вариант [ү] үк
- 4 инвариант-фонема <ы> вариант [ы] ық вариант [i] тік
- 5 инвариант-фонема <е> – е ек

Әдетте [a] мен [ə] варианттарын бір инвариант-фонема деп тану үшін олардың өзара ортақ белгілері болуы шарт. Ол – екі варианттың да ашық, езулік болуы; ал осы екеуін екі түрлі вариант деп тану үшін олардың ортақ белгісінен басқа айырмасы да болу керек. Ол – бірінің жуан [a], екіншісінің жіңішке [ə] әуезде айтылуы. <o>, <ұ>, <ы> инвариант-фонемалары жайында да осыны айтуға болады. Бұл – бір. Екінші, варианттар парадигмалық қатынаста болады, яғни «екінің бірі» принципі бойынша сөзде не [a] варианты, не [ə]

варианты қолданылуы шарт. Ал инварианттар синтагмалық қатынаста болады, ал бұл қатынас «және ... және» принципі бойынша жүзеге асады» - деп профессор Н. Уәли Байтұрсынұлының бес дауыстысы «инвариант» деп оған таңба беретіндігін, дәйекшімен айыратын жіңішке нұсқаларына (ә, ө, ү, і, е) арнайы таңба (әріп) арнамайтындығын, бұл нұсқалардың вариант деген ұғым беретіндігін айтады.

А.Байтұрсынұлына дейінгі еңбектерде қазақ тілі араб графикалы ескі мәтіндер және қазақтың сөйлеу тілі негізінде зерттеледі, жоғарыда аталған орыс ғалымдарының еңбектеріндегі зерттеулердің ғылыми нәтижелері жеткілікті болмады, қазақ тілінің өзіндік табиғи қасиеті көп жағдайда ескерілмеді, бір жақты пайымдаулар мен үстірт пікірлерге құрылды, көбіне фиктивті құрылымды тілдердегі ережелерге сәйкестендірілді. Мысалы, Санкт-Петербургте 1875 жылы жарық көрген М.А. Теретьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская» деп аталатын кітабында қазақ тілі, оның дыбыс жүйесі мен грамматикалық құрылысы жайында азды-көпті ғана, қазақ тілінің қасиетін, мәнін, т.б. ерекшеліктерін аша алмайтын мағлұмат берілген.

А. Байтұрсынұлы «Дыбыстарды жіктеу туралы» деген еңбегінде (кириллге түсірген Е. Маралбек) дауыссыз дыбыстардың функционалдық сипатына мағынадан формаға қарайғы бағытта әуелі босаң, қысаң деп бөліп алып, босандары қысандарымен жуыспайтындығын, екеуі қатар келмейтіндігін, қысандар ашық пен тұйыққа айырылып ашықтары азбайды, айнымайды, тұйықтары азады, айниды деп, ал босаң дауыссыз дыбыстардың ашықтары сөздің басында да, аяғында да келетіндігін, тұйықтары сөздің басында да, аяғында да келмейтіндігін айтады. Кесте түрінде көрсетсек:

2-кесте – Дауыссыздар (б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г)

Қысаң	п, т, с, ш, қ, к	Ашықтары (азбайды, айнымайды): с, ш. Тұйықтары (азиды, айниды): п, т, қ, к.
Босаң	б, ж, д, з, ғ, г	Ашықтары (сөздің бас-аяғы демей келе береді): ж, з. Тұйықтары (сөздің басында ғана келеді): б, д.

Қазақ тілінің төл дыбыстарын түгендеп, арнайы таңба берген Байтұрсынұлы дауыссыз дыбыстарды жіктеуде де белгілі бір ғылыми негізге сүйенді деп айтуға болады. Белгілі фонетист Ә. Жүнісбек бұл дәуірді төл зерттелім дәуірі деген атау қояды. Себебі басқа зерттеушілер көре алмаған фонетикалық құбылыстарын «шын мағынасындағы қазақы фонетика ғылымы бастау алды, оның басты құндылығы да осында» - деп баға береді.

Байтұрсынұлы дыбыстардың құрылымын, жасалу жолын, фонемалық мәнін фонетикалық, грамматикалық бірліктердің синтагматикалық қатынастарын жіті зерттеу арқылы дәл анықтады. Бірақ қазіргі таңда зерттеушілер (Ә. Жүнісбек) дыбыстың жасалу жолын мына тізбек бойынша қарастырады: дыбыстың жасалым, айтылым, естілім сәттері. Профессор Ә. Жүнісбек зерттеулерінің бастау көзі А. Байтұрсынұлынан көрініс береді. Байтұрсынұлы арнайы термин беріп, фонемалық мәніне, дыбыстың мағынасына қарай ажыратып, топ-топқа бөліп қарастырмағанымен, дыбыстардың мағынаға әсер ететін негізгі реңкіне арнайы таңба беріп отырды.

24 дыбысқа араб харифтерінен үйлескендерін өзгертпей, үйлеспегендерін өзгертіп харифтер арнады.

Әуелі, араб харифтері үйлесетін дыбыстарды айтып көрсетелік (Дыбыс үні қате ұғылмас үшін арабша һәм орысша екі әліппемен қатар көрсетеміз).

Дауысты дыбыстар: жоқ

Дауыссыз дыбыстар: (б), (т), (ж), (д), (р), (з). (с), (жөк), (жөк), (к), (л), (м), (н) бәрі он үш. Жетпейтіні – төртеу.

Жарты дауысты дыбыстар: (жоқ) (й)-екеу(түгел).

Дауысты дыбыс қазақ тілінде – бесеу. Оларға тура келетін араб әліппесінде бір де харіф жоқ.

Дауыссыз дыбыстар қазақ тілінде он жеті. Оларға тура келетін араб әліппесіндегі харіфтер он үш. Демек, төртеуі жетпейді. Бұл харіф жетпейтін дауыссыз төрт дыбыс үшін харіфтер бұрын арналған. Арналған харіфтер бәрібір араб харіфтері, бірақ олай-бұлай шет пұшпақтары ғана өзгертілген. Мәселен, [б] харіфінің нүктесін өзгертіп [п] жасаған, [с], харіфінің нүктесін өзгертіп [ш] жасаған, [қ] харіфінің үстін қосарлап [г] жасаған, [к] харіфінің үстіне үш нүкте қойып [ң], жасаған. Осы даяр харіфтерді біз да қабыл етеміз.

«Тіл – құралдың» 1912 жылғы басылымында «Қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың харіфтері» атты тараушада қазақ тілінде 24 дыбыс бар деп олардың таңбаларын береді: а, б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, о, ү, и, е, ы. Дауыссыз һаріфтерге б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н деп дауыссыз дыбыстарды қатаң және ұяң деп екіге бөледі. Қатаң һаріфтерге: б, п, т, д, ш, с, ғ, қ, л, г. Ұяң һаріфтерге: ж, р, з, л, м, н, ң. Ұяң дыбыстарды іштей екіге бөледі: 1) ымыралы (ж, р, з, л); 2) ымырасыз (м, н, ң).

Ғалым [қ], [ғ] дыбыстарының жазылуына тоқталады. Естілуінше жазылады. [Қ] естілсе [қ], жазылады, [Ғ] естілген жерде [ғ] жазылады. Бұлар жуан дыбыстар дейді. Түбірге қосымша жалғанғанда [қ] бітетін сөздердің соңы [ғ] ға айналады. Бұл жерде жалғау жалғанғандықтан дауысты дыбыстың әсерінен ұяңданып кетеді. Байтұрсынұлы дыбыс жүйелі емлені ұстанады. Сөздерді естілуінше жазуды құп көреді.

Қ дыбысының сипаттамасы. «Тіл-құралдың» 1914 жылғы басылымында «дауыс қатысына қарай» [қ] дыбысын қатаң дауыссыздар қатарынан орын алады. 1927 жылғы «Дыбыстық жіктеу туралы» атты мақаласында [қ] дыбысын қысаң, оның ішінде тұйық дауыссыз дыбыс екенін және жасалу орны немесе «мүшенің қатысуына қарай» өткелсіз, тамаққа қамалады. [Қ] ның жіңішке варианты [к], [қ] қатаң дыбысының варианты ретінде [ғ] дыбысын алады. Кей жерлерде [ғ] сол күйі айтылуынша жазылатындығын және жуан естілетіндігін, жуан дауысты дыбыстар келетін жерде [қ] мен [ғ] қолданылады дейді. Ал 1924 жылғы «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» «бұл дыбыстар бір-бірінің жіңішке/жуан нұсқасы емес, мүлде бөлек дыбыстар екендігін, себебі жасалу орны басқа» деп айтқан еді [9]. [Қ] ның [ғ] ға айналып кету үдерісі үндестік заңына бағынғандықтан. А. Байтұрсынұлы 1914 жылғы «Тіл-құрал» еңбегінде қазақ тілін түркі тілінің бір тарауы болғандықтан жалғамалы тілдер қатарына кіретіндігін айтады. Түбірге жалғау жалғанғанда, түбірдегі қ-мен аяқталған сөзге жуан дауысты жалғанса қ дыбысы з-ға айналады. Қазақ тілінде з әрпі сөз соңында жазылмайтындығын айтады ғалым.

Кей орында «қ» дыбысы «ғ» болып өзгереді. Ондай орында айтылуынша «ғ» харіфін жазу тиіс. *Ақ – ағы, бақ – бағы, сақ – сағы.* Ғалымның 1914 жылғы еңбегінен: *«Істің ағы білмес, жігіттің бағы білер. Иттің сағы жақсы. Аяқ – аяғынан, таяқ – таяғынан. Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан. «[Қ]» һәм «[з]» дыбыстар еш уақытта жіңішкекермейді, яғни жіңішке айтылмайды».* «Тіл жұмсар» еңбегінде [қ] дыбысы [ғ] дыбысының азғын түріне жатқызады, өйткені қ мен к керек қылмаған дәйекшіні бұлар да керек қылмайды дейді. Ғалым бұл еңбегінде дәйекшіні қойғаннан немесе қоймағаннан қандай ерекшелік байқалатындығын оқушыға қол мен көл, құн мен күн, қон мен көн, құт пен күт сөздерін мысалға алып [қ] мен [к]-ның орналасу ретін, дыбыстық мағынасын ажырату үшін тапсырма түрінде көрсеткен. Ғалым дәйекші қоюдағы мақсаты [қ]-ның жіңішке дауысты дыбыста кездеспейтіндігін, жіңішке айтылатын дауысты дыбыстарды, яғни сөздің түбірінде жіңішке дауысты дыбыс болса жанындағы дауыссыз дыбыс та жіңішкекетіндігін айтқан.

XX ғасырдың басында (1912-ден бастап) жазуымыз дыбыс жүйесінше болған, қалай естіледі солай жазған, егер сөз жүйесінше болатын болса, үндестік заңы болмайтын еді, сөз түбірінде қалай тұр солай жазылады да, оған жалғанатын қосымшаның ықпалына көнбейтін еді. Жазу жүйесінше сөздер түбірін сақтамай жазылады. Мысалы, *тақ* деген сөзге қосымша жалғасақ *тағы, лақ – лағы* болады. Сөз жүйесінше *тақ-тақы, ақ - ақы* болар еді. Қазақ тілінің артықшылығы *ымыра* бар.

Байтұрсынұлы дауыссыз дыбыстарды ымыралы, ымырасыз деп қатаң мен ұяңнан бөлек тағы топтастырды. Ымырасыз деп отырған [ғ] мен [г]-дан аяқталатын сөз жоқ. Жұрнақтардың ешқайсысын қабылдамайды. 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінен кейін ғалымдар қатаңның ішінде қаралатын [ғ] мен [г]-ні ымырасыздар қатарына қосты. Осыдан кейін «қ»-ның сыңары «[ғ]» болады; «[к]»-нің сыңары «[г]» болатын болды. 1924 жылға дейін бұл төрт дыбыс қатаң дауыссыз дыбыстар болған екен. Сол себепті осы төртеуін бірге қарастырған, дыбыстық жіктелімін қатар зерттеген болып шығады. Қазақша сөздердің аяғы ешуақытта да «[д]», «[ғ]», «[г]» болып келмейді. Сондықтан бұл дыбыстар жалғау, жұрнақтардың ешбір түрін де керек қылмайды. Сондықтан Съез бұл үш дыбысты қатаң дыбыстардан айырып, ымырасыз деп өз алдына бір тап қылып жіктеді.

Сонымен Байтұрсынұлы [ғ] мен [г] дыбыстарын босаң жолды, оның ішінде тұйықтаулары дейді, тұйықтары демейді. Өткелсіз оның ішінде сүзілетіндер қатарында және тамақта сүзілетіндер деп жіктейді. [ғ]-ның дыбыстық мағынасы [к]-ға ұқсас, тіл таңдайдың артқы жағына жуықталады, яғни тұйықталады, кішкене айырмашылық тіл таңдайға нық тимейді, кішкене діріл сезіледі, жұмсақ сүзіліп шығады. Ал қазіргі қазақ тілінде [ғ] мен [г] дыбыстары ұяң дауыссыздардың қатарында екенін білеміз. Бұл дыбыстарды айтқанда дауыс тамаққа қырнанып бөгеліп, дауыс желбезегі тербеліңкі шығады. Ғалым бұл дыбыстарды жіктегенде айтылуына және сөйлеу мүшелерінің қатысуына қарай деген жүйені ұстанғанын көреміз. «Тіл-құралдың» 1914, 1918, 1920, 1923, 1924 жылғы басылымдарында [ғ] мен [г] дыбысын қатаң дауыссыздың ішінде қарастырған. 1924 жылдан кейін ымырасыз деген.

1920 жылы жарық көрген «Баяншы» еңбегінде «дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың иелігінде» дейді. Яғни дауыссыздардың не жуан, не жіңішке айтылуы осы дауысты дыбыстардың жуан, жіңішкелігіне қатысты. Бірақ бұл қағида [қ], [к], [ғ] мен [г], [т] мен [с] әріптеріне арналмаған. Бұларға бөлек таңба ұсынбай, дәйекшімен ажыратуды ұсынады. Себебі ғалымның сөзінше: «Егерде екі түрлі айтылатын дыбыстарда жуан айтылуы үшін бір харіп, жіңішке айтылуы үшін бір харіп керек десек, ондай дыбыстардың әрқайсысына екі харіптен керек болар еді. Олай етуге болмайтын жайын жоғарыда айттық. Дауыссыз дыбыстардың бірінен-бірінің артықтығы жоқ, дәрежесі бірдей». Сонымен [қ] мен [к] дыбысын қатар қарастыра отырып, екеуін де дауыстың қатысуына қарай қатаң дауыссыздың қатарынан орын алатындығын, сөздің түбірінде кездесе, дауысты дыбыстардың әсерінен жуан, жіңішке айтылып, жазылатындығын айтады. Дыбыстардың жіктелімінде көрсеткендей, дыбыстау мүшелерінің қатысуына қарай, яғни жақ қысаң ашылғандықтан қысаң, оның ішінде тұйықтар екендігін көрсетеді. Қысаң екені түсінікті, бірақ қазіргі фонетикада ашық/қысаң деген дауысты дыбыстарға арналған ұғым. Мүшелердің қатысуына қарай өткелсіздер, яғни көмейден шыққан дыбыс бөгеліп, жаңғырып шықпағандықтан, осындай атау беруі мүмкін, оның ішінде тамаққа қамалатындар қатарына жіктейді. Тамаққа қамалатын дыбыс деп дыбыстау мүшелері, яғни тіл артқа қарай таңдайға тіреліп қатқыл жарқын шықпай естілетін дыбыс болуы мүмкін. «Тілжұмсар» [10] еңбегінде ғ мен г-ны сыбысты дыбыстар деп атайды. Ал [қ] мен [к]-ны сыбырлы дыбыстар деп ат қояды. Бұл еңбегінде дыбыстарды естілуіне қарай деп «төрт даражылы» деп *дауысты дыбыс, үнді дыбыс, сыбысты дыбыс, сыбырлы дыбыс* деген топтарға бөледі. Сыбысты дыбыстар деп ұяң дауыссызды айтқан болуы керек, ал сыбырлы деп қатаң дауыссыздарды атауы мүмкін деген ойға келеміз. [ғ] мен [г]-ны сыбысты дыбыстар қатарына жатқызады. Байтұрсынұлы ұяң деп топқа бөліп берген дауыссыздары қазіргі қазақ тілінде үнді дауыссыздар екенін білеміз. Тек 1928 жылы ғана [р], [ң], [л], [м], [н] дауыссыздары үндінің қатарынан орын алды.

Сонымен, Қ/К дауыссыз дыбыстары дауыстың қатысуына қарай қатаң, дыбыстау мүшелерінің қатысуына қарай қысаң, оның ішінде тұйықтар. Дыбыстау мүшелердің қатысуына қарай өткелсіздер, оның ішінде тамаққа қамалатындар қатарынан орын алады.

Ғ/Г дыбыстарын А.Байтұрсынұлы ымырасыз дауыссыздардың қатарына жатқызады. Дыбыстың жасалуына қарай босаң жолды, оның ішінде тұйықтаулары дейді, тұйықтары демейді. Сөйлеу мүшелерінің қатысуына өткелсіз, оның ішінде сүзілетіндер қатарында және

тамақта сүзілетіндер деп жіктейді. [К] һәм «[г]» дыбыстар еш уақытта жуандамайды, яғни жуан айтылмайды. Сондықтан бұл дыбыстар *тоң дыбыстар* деп аталады.

Ш дыбысының сипаты. А.Байтұрсынұлы әліпбиінде төл сөздерде кездесетін [ш] дыбысы парсының че (چ) таңбасы арқылы берілгені мәлім. Ал арабтың [ш] (ش) таңбасы шаһар, шифа, шарбат, [х] таңбасы хажы, хакім, хүкім, хайуан, хайран, хайыр, хайыршы, хұлық, [ф] таңбасы офат, файда, фарман, саф, жафа, фақыр, фасық тәрізді араб, парсы сөздерін жазу үшін, ал [һ] таңбасы аһілеу, үһілеу сөздерімен қатар гауһар, жауһар, һауа, һеш, һәр, һәман, баһа, қаһарман, жаһат тәрізді сөздерді таңбалау үшін алынғаны «Әліппеде» арнайы бөлек көрсетілген.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, А. Байтұрсынұлы қазақ дыбыстарының табиғатын ғылыми деңгейде дәл анықтай білген, араб әліпбиі негізінде қазақ әліпбиін жасап шығарды. Қазақ тілі дыбыстарын таңбалауға жетпеген араб таңбаларын қажетінше түрлендіріп, түрлі диакритикалық белгілер қою арқылы төл таңбалар әзірледі. Ғалым әр дыбыстың табиғатын жақсы білгенімен, сол кездегі түрік әліпбиін, емлесін, орыстың жазуын негізге алды. Ең бірінші, дыбыстардың тіркесу заңдылығын терең зерттеген.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінен кейін, өзі дайындаған қазақ әліпбиіне түзетулер енгізген болатын. Ал 1912 жылдан бастап жарыққа шыққан «Тіл-құрал», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар» еңбектерін негізге ала отырып, ғалымның дауыссыз дыбыстардың жүйесін сингармонизм, ассимиляция, диссимиляция жолдары негізінде дауыссыздан аяқталатын сөздерге қосымшаның кездейсоқ жалғанбағандығы анықталды. Ғалымның жарты дауысты дегені – қазіргі үнді дауыссыздар. Араб әліпбиінде жоқ, бірақ қазақ тілінің әуезділігін танытатын әріптерді таңбалауда дәйекші енгізеді, сонымен қатар қаралатын, фонема, вариант, инвариант секілді ұғымдарды термин ретінде қолданбаса да, табиғатын ғылыми тұрғыдан терең түсіне білген. Дыбыстардың дыбыстық мәнін, яғни дауыстыны да, дауыссызды да жуан, жіңішкеге бөліп қарауы сингармонизм жүйесімен үйлесім табады. Ғалымның сөзімен айтқанда: «Тәнді жан қандай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды солай билейді, яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да жуан айтылады. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, басқа дыбыстар да жіңішке айтылады» [1, 325-б.]. Дауыстылардан гөрі дауыссыздардың реңктері, яғни аллофондары дауыстыға қарағанда көп болды, сөйлеу мүшелерінің, жасалу орнына қарай жуан, жіңішке, мұрын жолды босаң деп ары қарай жіктеле берді.

Мақала 2022–2024 жылдарға арналған «Саяси лидерлер мен мемлекет қайраткерлерінің тілі: XX ғ. басындағы Алашорда көсемдерінен тәуелсіздікке дейін» (AP14872071) атты гранттық зерттеу жобасы аясында жазылды. Қажетті материалды жинап, жүйелеуді авторлар бірлесіп атқарды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Маралбек Е. А.Байтұрсынұлының дыбыстарды жіктеу туралы мақаласы. [Электронды ресурс]. URL: <https://malim.kz/article/sports/baitursynulynyn-dybystardy-zikteu-turaly-maqalasy-15159> (қаралған күні 28.05.2021)
3. Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2018. – 368 б.
4. Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы: Сардар, 2018. – 250 б.
5. Момынова Б. «Қазақ» газеті (1913–1918): әліпби, емле ерекшеліктері және лексика-грамматикасы. – Алматы: Қазақ тілі, 2022. – 256 б.

6. Омарұлы Е. Қазақ тілінің дыбыстары // Жаңа мектеп. – 1927. – №2(17). – Б. 61–67.
7. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / Құрастырған О. Жұбаева. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 664 б.
8. Жұмабаева Ә., Құрман Н. «Атамұра» баспасы: Ахмет Байтұрсынұлы «Әліппесінің» алтын белдеуі – дыбысты әдіс // «Білімді ел» республикалық қоғамдық-саяси газет. – 16 наурыз, 2021.
9. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі / Баспаға дайындаған Ш. Құрманбайұлы. – Алматы: Ел-Шежіре, 2005. – 144 б.
10. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

REFERENCES

1. Baitursynov A. Til tagylymy [Language lessons]. – Almaty: Ana tili. – 448 b. [in Kazakh]
2. Maralbek E. A. Baitursynulynyn dybystardy jikteu turaly maqalasy [Article by A. Baitursynov on the classification of sounds]. [Electronic resource]. URL: <https://malim.kz/article/sports/baitursynulynyn-dybystardy-zikteu-turaly-maqalasy-15159> (qaralghan kuni 28.05.2021) [in Kazakh]
3. Junisbek A. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty: Abzal-Ai, 2018. – 368 b. [in Kazakh]
4. Uali N. Grafika. Orfografia. Orfoepia. [Graphics. Spelling. Orthoepy]. – Almaty: Sardar, 2018 – 250 b. [in Kazakh]
5. Momynova B. «Qazaq» gazetі (1913–1918): alipbi, emle erekshelikteri jane leksika-grammatikasy [Newspaper “Kazakh” (1913–1918): alphabet, spelling features and vocabulary and grammar]. – Almaty: Qazaq tili, 2022. – 256 b. [in Kazakh]
6. Omaruly E. Qazaq tilinin dybystary [Sounds of the Kazakh language] // Jana mektep. – 1927. – №2(17). – B. 61–67. [in Kazakh]
7. XX gasyr basyndagy qazaq tili jonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language at the beginning of the XX century] / Qurastyrgan O. Jubaeva. – Almaty: Qazygurt, 2013. – 664 b. [in Kazakh]
8. Jumabaeva A., Kurman N. «Atamura» baspasy: Ahmet Baitursynuly «Alippesinin» altyn beldeui – dybysty adis [Publishing house “Atamura”: the golden belt of Akhmet Baitursynov's “Alphabet” – sound method] // «Bilimdi el» respublikalyq qogamdyq-saiasi gazet. – 16 nauryz, 2021. [in Kazakh]
9. Qazaq bilimpazdarynyn tungysh siezi [The first congress of Kazakh educators] / Baspaga daiyndagan Sh. Qurmanbaiuly. – Almaty: El-shejire, 2005. – 144 b. [in Kazakh]
10. Baitursynuly A. Alty tomdyq shygarmalar jinagy [Collection of works in six volumes]. – Almaty: El-shejire, 2013. -384 b. [in Kazakh]